


Бекітемін: 
«Балдырған»бөбекжай-бақшасының
менгерушісі Ә.Қ.Бисебаева.
«14»-----09-----2023ж



Бекітемін: 
Аудандық білім бөлімінің
басшысы С.Т.Меруенов.
«14»-----09-----2023ж



«Балдырған»бөбекжай-бақшасының 2023 - 2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

2023 - 2024 оқу жылы

Түсінік хат.

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген.)

(бұдан әрі - Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023 -2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды, мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда бекітілген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.» Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2023-2024 оқу жылында 6 топ жұмыс жасайды.

Кіші топ (2 жас)-2

Ортаңғы топ (3 жас)-2

Ересек топ (4 жас) -2

2023 – 2024 оқу жылына оқу жоспары

№ р/с	Ұйымдастырылған іс – әрекет *	Жас топтары		
		Кіші топ (2 жастағы балалар)	Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3	Қазақ тілі	-	аптасына бір рет	аптасына бір рет
4	Қазақ тілі ***	-	күн сайын	күн сайын
5	Сенсорика	күн сайын	-	-
6	Математика негіздері	-	күн сайын	күн сайын
7	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын
8	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
9	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын	күн сайын
10	Арнайы түзетуші іс- әрекет *****	күн сайын	күн сайын	күн сайын